	Қазақстан-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 1 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ




«БЕКІТІЛДІ»
 ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімі
 Хаттама
 Протокол № 3 «17» 11 2021 ж.
Е. Мәмбетқазиев Е. Мәмбетқазиев

**ҚАЕУ-ДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
 БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
 ЕРЕЖЕЛЕРІ**

	Қазақстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г.:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 2 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
3. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕССІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ	6
4. ҚБТ БОЙЫНША УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ТАЛАПТАР	11
5. ҚАЕУ ҚБТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	13
6. САБАҚҚА ҚАТЫСУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫ	14
7. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗЕҢІНДЕ АРАЛЫҚ, ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ІС-ТӘЖІРИБЕНІ-ПРАКТИКАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	15
8. АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТАЛАПТАР	20

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 3 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелерді әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-III "Білім туралы" Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);

2. "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" (өзгерістермен және толықтырулармен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 5-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері;

3. Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді. ((өзгерістер мен толықтырулармен);

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері". Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді. (өзгерістер мен толықтырулармен);

5. "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді (12.10.2018 ж. өзгерістермен);

1. Ғылыми кеңестің 22.05.2020 ж. № 10 шешімімен бекітілген ҚАЕУ академиялық саясаты (өзгерістермен және толықтырулармен).

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


1. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың осы ережелері қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі-ҚБТ) іске асыру мынадай түрлер бойынша жүзеге асырылады: телевизиялық, желілік технология және кейс-технология.

3. Қашықтықтан білім беру технологиясының субъектілері білім алушылар, оқытушылар және университет болып табылады.

4. Осы Ережелерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) білім беру порталы – ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпаратты қамтитын ақпараттық

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 4 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

ресурстар мен интернет сервистерінің жүйелі-ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы;

2) DBA бағдарламасы - DBA бағдарламасы басқарушы кадрларды, практикалық тәжірибесі бар, сондай-ақ бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, менеджменттің қазіргі заманғы тұжырымдамалары мен модельдерін игеру және дамыту үшін қолданбалы зерттеулер жүргізуге мүдделі жоғары буын менеджерлерін даярлауға арналған;

3) executive MBA бағдарламасы (бұдан әрі – EMBA (экзекютивЭмБиЭй)) – мақсатты аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, топ-менеджерлерді дайындауға бағытталған MBA бағдарламасы;

4) жаппай ашық онлайн курс (бұдан әрі – ЖАОК) - электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып және Интернет арқылы ашық қол жеткізе отырып, жаппай интерактивті қатысуымен оқыту курсы;

5) MBA бағдарламасы – бизнес саласында заманауи білім мен дағдыларды меңгерген, үдерістер мен кадрлық активтерді басқаруға, компанияның стратегиясын қалыптастыруға, стратегиялық және жедел міндеттерді айқындай білуге және ғылыми құралдарды қолдана отырып, оларға қол жеткізуге қабілетті басқарушы кадрларды даярлау жөніндегі бағдарлама;

6) мультимедиа-пайдаланушыға әртекті деректермен (графикамен, мәтінмен, дыбыспен, бейнемен) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

7) оқыту нәтижелері - білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;

8) онлайн прокторинг - тұлғаны верификациялау және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі;

9) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі –ЦБР) - интерактивті нысанда оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық болмыс және интерактивтік модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары;


10) тьютор – нақты пәнді және (немесе) модульді игеру бойынша студенттің академиялық консультанты рөлін атқаратын оқытушы;

11) формальды емес (бейресми) білім беру-оқыту мерзімдері мен нысандары ескерілмей көрсетілетін, білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілетін білім беру түрі;

12) цифрлық контент-цифрлық оқу материалдарын ақпараттық толықтыру (мәтіндер, графика, мультимедиа және өзге де ақпараттық маңызды толықтыру);

13) желілік технология-оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушымен және бір-бірімен интерактивті өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізінде оқу процесін әкімшілендіруді қамтитын технология;

14) кейстік технология-оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерін) қағаз, электрондық және өзге де жеткізгіштерде жинақтауға және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға таратуға негізделген технология;

	Қазақстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г.:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 5 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

15) контент-оқу материалдарын ақпараттық толықтыру (мәтіндер, графика, мультимедиа және өзге де ақпараттық маңызды толықтыру);

16) қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыратын білім беру ұйымының Интернет-ресурсы-білім беру процесіне қатысушылар үшін әкімшілік-академиялық ақпаратты қамтитын Интернет-ресурс;

17) Қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы-оқу материалдарын электрондық жеткізгіштерде жасау, беру және сақтау технологиясы, оқу процесін ұйымдастырудың және сүйемелдеудің ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялары;

18) мультимедиа-пайдаланушыға әртекті деректермен (графикамен, мәтінмен, дыбыспен, бейнемен) диалогтық режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ақпараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

19) "on-line" - нақты уақытта ақпарат алмасу;

20) "off-line" - бос уақыт кеңістігінде ақпарат алмасумен айналысу;

21) силлабус-оқу пәнінің қысқаша сипаттамасын, оқытылатын пәннің негізгі сипаттамаларын қамтитын білім алушыға арналған пән бойынша оқыту бағдарламасы;

22) тестілеу кешені - білім алушылардың білім беру процесінің барлық деңгейлерінде оқу материалын меңгеру дәрежесін айқындауға арналған бағдарламалық құрал;

23) электрондық басылым – бағдарламалық басқару құралдары мен құжаттамасы бар және кез келген электрондық ақпарат жеткізгіште орналастырылған немесе компьютерлік желіде жарияланған цифрлық, мәтіндік, графикалық, аудио, бейне және басқа да ақпараттың жиынтығы. Электрондық оқу басылымы (бұдан әрі – ЭИУ) - оқытуды автоматтандыруға және білімді бақылауға арналған және оқу курсына немесе оның жекелеген бөліктеріне сәйкес келетін, сондай-ақ оқыту траекториясын таңдауға мүмкіндік беретін және оқу жұмыстарының әртүрлі түрлерін қамтамасыз ететін электрондық басылым;

24) аралас оқыту-оқыту дәстүрлі күндізгі нысанда және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып жүргізілетін оқыту технологиясы;


25) MOODLE (модульдік объектіге-бағдарланған динамикалық оқу ортасы) – бұл ең алдымен оқытушы мен білім алушының арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыруға бағдарланған оқытуды басқарудың еркін жүйесі.

26) ПОҚ-профессорлық-оқытушылық құрамы.

27) білім алушының цифрлық ізі-бұл LMS (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;

28) синхронды оқыту форматы – ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі-АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесіне қатысушылардың нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) көздейтін қашықтықтан оқыту;

29) асинхронды оқыту форматы-білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен басқа да байланыс құралдары арқылы өзара іс-қимылын көздейтін қашықтықтан оқыту;

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г.:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 6 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

30) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желісін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

31) ақпараттық жүйе - ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

32) қашықтықтан оқыту - педагог пен білім алушылардың қашықтықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

33) онлайн-курс – ЖЖОКБҰ бекітетін ЖЖОКБҰ-да бұрын жазылған бейне дәрістерді қолдана отырып, нақты уақыт режимінде интернет арқылы білім, дағдылар мен құзыреттер алуға мүмкіндік беретін оқу бағдарламасы.

3. ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

1. Қашықтықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықтықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылады. Университет қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды.

2. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастыру ҚАЕУ академиялық күнтізбесіне сәйкес білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін жүзеге асырылады.


3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі ҚБТ білім алушыларға қатысты қолданылады:

1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2) қатысу кезеңінде халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;

3) кадрларды даярлау бағыттарының белгілі бір тізбесі бойынша осы Ережелерде белгіленген көлемнен аспайтын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға беріледі.

3. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда қашықтықтан оқыту барлық білім алушылар үшін облыстың білім басқармасы бұйрығының негізінде, сондай-ақ қолайсыз ауа райы метеожағдайларына байланысты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органының бұйрығы негізінде ұйымдастырылады «Білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында қолайсыз метеожағдайлар кезінде сабақтардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 7 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13076 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

5. Университетте педагогика ғылымдары, құқық саласындағы кадрларды даярлау үшін бүкіл оқу кезеңі ішіндегі академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен 20% - дан аспайтын қашықтықтан оқытуға ауыстыруға жол беріледі.

6. Кадрларды даярлаудың қалған бағыттары бойынша кадрларды даярлау үшін университетте барлық оқу кезеңіндегі академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінің 50% - ынан аспайтын қашықтықтан оқытуға ауыстыруға жол беріледі.

7. Білім алушылар университетпен келісім бойынша ересектерге бейресми білім беру арқылы, оның ішінде ЖАОК арқылы білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін меңгереді, олардың нәтижелері университет дербес белгілеген тәртіппен танылады, барлық оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің 20% - ынан аспайды.

8. Университет осы Ережелердің 3-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерінде айқындалған тәртіппен жеке оқу жоспарымен және білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

9. Осы Ережелердің 3-тармағында көрсетілген білім алушыларды қашықтықтан оқытуға толық ауысқан кезде университет білім алушылардың ақпараттық жүйеге және электрондық сабақ кестесіне, электрондық журналға, электрондық ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.


10. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысатын университет білім алушыларына арналған оқу сабақтары оқытудың асинхронды және/немесе синхронды форматы арқылы ұйымдастырылады.

11. Қашықтықтан оқытуды қолдана отырып қорытынды аттестаттауды тапсыру прокторинг жүйесін қамтамасыз ете отырып көзделеді.

12. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтықтан оқыту "Облыстағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша жүзеге асырылады № 21579 астында). Қашықтықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

13. Денсаулық мүмкіндіктерінің уақытша шектеулері бар және университетке тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ адамдарға арналған оқу сабақтары асинхрондық және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы және білім беру ұйымының шешімі бойынша оқу материалдарын өз бетінше игеру жолымен ұйымдастырылады.

14. Қашықтықтан оқыту үшін жіберілетін пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін оқу нысанына қарамастан Университет дербес айқындайды және ректордың бұйрығымен бекітіледі.

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 8 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

15. Білім беру бағдарламасын меңгеру процесінде білім алушының пәнді және (немесе) модульді сақтауын, оқу процесіне қатысу деңгейін, сабаққа қатысуын мониторингтеу оның цифрлық ізін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

16. ҚБТ-ны пайдалана отырып, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормалары оқу жұмыс жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін университет:

1) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпаратты қамтитын парақтары бар білім беру порталы;

2) телекоммуникациялық желіге (Интернет және т. б.) шығу мүмкіндігі бар жабдықпен;

3) мультимедиялық сыныптармен және оқу залымен;

4) оқу контентімен;

5) тестілеу кешені;

6) Moodle қашықтықтан оқыту жүйесімен қамтамасыз етілген.

4. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін жүзеге асыру үшін университет:

1) қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру бойынша оқытушыларды, тьюторларды, білім алушылар мен қызметкерлерді оқытуды ұйымдастырады;

2) білім беру ресурстарын әзірлеу және жаңарту үшін профессорлық-оқытушылық құрамға жағдай жасайды; ;

3) Ақпараттық технологиялар арқылы білім алушыларға оқу материалын жеткізеді;

4) "on-line" режимінде консультациялар ұйымдастырады;

5) "off-line" режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады;

6) "on-line", "off-line" режимінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылайды;

7. Осы Ережелердің 3-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген ҚБТ бойынша оқуға ниет білдірген адамдар ҚБТ-ны пайдалана отырып, оқуға рұқсат беру туралы ректордың атына еркін нысанда өтініш жазады, оның негізінде ректордың бұйрығы шығарылады. Университет білім алушыға жеке оқу жоспарын, білім беру бағдарламасын меңгеру кестесін қамтамасыз етеді.

9. Білім алушылардың өтініштерін университет ректоры берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Мәселе оң шешілген жағдайда білім алушылардың ҚБТ пайдалану туралы университет ректорының бұйрығы шығарылады.

10. Бұйрығына қосымша:


1) білім алушылардың өтініштері;;

2) білім алушылардың жеке оқу жоспарлары;

3) әрбір білім алушының оқу қызметін ұйымдастырудың жеке кестесі;

4) дәрігерлік-консультациялық комиссияның денсаулық жағдайы туралы қорытындысы бар білім алушылар үшін ДКК-ның тиісті анықтамасы;

5) халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушылар үшін тиісті растайтын құжат.

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г.:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 9 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

Университет студенттерді академиялық күнтізбемен және ҚБТ бойынша оқу процесінің ерекшеліктерімен таныстырады.

ҚБТ бойынша оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында білім алушыларға ҚАЕУ веб-сайтында сілтеме бойынша орналасқан "Moodle қашықтықтан оқыту порталында жұмыс істеу негіздері" нұсқаулығы ұсынылады <http://edu.kafu.kz/mod/page/view.php?id=1>.

11. Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін университетте MOODLE порталында тікелей орналастырылған ҚБТ пайдалана отырып іске асырылатын оқу жоспарының барлық пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендер бар.

Электрондық оқу-әдістемелік кешендерді дайындауды курс оқытушылары жүзеге асырады.

12. Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша жинақтарды қамтиды.

13. Міндетті жиынтық мыналардан тұрады:

- 1) силлабус;
- 2) дәрістердің электрондық конспектісі
- 3) электрондық оқу құралы (бар болса);
- 4) қорытынды бақылауды ұйымдастыру бойынша материалдар (тесттік емтихан тапсырмалары, емтиханға сұрақтар, емтихан бақылау жұмыстары және т. б.);
- 5) білім алушыларға арналған тапсырмалар;
- 6) таныстырылымдар (презентациялар) немесе бейне (аудио) дәрістер.

14. Қосымша оқу-әдістемелік жиынтықты курсты жүргізетін оқытушылар дербес айқындайды.

Университет педагогтің білім алушымен тікелей өзара іс-қимылы арқылы өткізілетін сабақтар мен ҚБТ қолдану арқылы өткізілетін сабақтар көлемінің арақатынасын айқындайды.

15. Қашықтықтан консультациялар өткізу БОӨЖ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Университетте білім алушылардың деректер базасын (оқуға қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау туралы бұйрықтар, білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы мәліметтер) қамтитын "Платонус" ААЖ басқарудың ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.

17. ҚБТ бойынша оқыту барлық білім беру бағдарламалары мен оқыту нысандарының жұмыс оқу жоспарлары бойынша жүргізіледі.


18. Университет барлық қолжетімді заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, оқу процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы арқылы білім алушыларға әдістемелік көмекті қамтамасыз етеді.

19. Оқу жылы академиялық кезеңдерден тұрады және академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады.

20. Оқу қызметінің барлық түрлері мыналар арқылы жүзеге асырылады:

1) телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, оқытушының немесе тьютордың білім алушымен педагогикалық қарым-қатынасы немесе университетте тікелей байланыс жасау (білім алушының бастамасы бойынша);;

2) білім алушының оқу құралдарымен өзіндік жұмысы (оқу-әдістемелік кешен, қосымша әдебиет).

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 10 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

21. ҚБТ "on-line", "off-line"режимінде қашықтықтан оқу сабақтарын өткізуге негізделеді.

22. "On-line" режиміндегі оқу сабақтары нақты уақыт режимінде (бейнеконференция және т.б.) оқытудың өзара іс-қимыл процесін көздейді.

23. "Off-line" режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы асинхронды түрде жүзеге асырылатын (оқытуды басқару жүйесіндегі тапсырмалар, электрондық пошта, кейіннен межелік және/немесе қорытынды бақылауды тапсыра отырып, білім алушының оқытушының тапсырмасы бойынша оқулықпен жұмысы) оқытудың өзара іс-қимыл процесін көздейді.

24. Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау ЖОО-ның академиялық саясатына, жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және жұмыс оқу бағдарламаларына (силлабустарға) сәйкес жүзеге асырылады.

26. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды онлайн режимінде жүргізу үшін білім алушыны верификациялауға, білім алушының экраны мен мінез-құлқын қадағалауға, сондай-ақ бүкіл емтиханды бейнеге жазуға мүмкіндік беретін онлайн прокторинг технологияларын қолдануды қамтамасыз етеді.


Үлгерімді ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүргізуге автоматтандырылған тестілеу кешендері, жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру, bigbluebutton (BBB), Jitsi бейне-конференциясының көмегімен ауызша сұрау арқылы жол беріледі.

27. Университет қол жеткізуді шектеудің және тәуелсіз бағалаудың электрондық әдістерін қолдану арқылы рұқсат етілмеген қол жеткізуден және бұрмалаудан қорғалған ақпараттық жүйеде білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастырады.

28. Білім алушы пән бойынша аралық аттестаттауға жұмыс оқу бағдарламасында (силлабус) белгіленген барлық бақылау іс-шараларын орындағаннан және тапсырғаннан кейін жіберіледі.

29. Кәсіптік іс-тәжірибе -практика (бұдан әрі -практика). Практиканың барлық түрлерінен өту білім алушы үшін академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімге сәйкес міндетті.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында Қашықтықтан оқытуға көшу кезінде онлайн-форматта жүзеге асырылуы мүмкін емес кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабақтар келесі академиялық кезеңдерге ауыстырылады. Тәжірибе жетекшілері электронды пошта арқылы жіберілген тәжірибеден өту кезінде жиналған есептердің электрондық нұсқаларын жинайды. Білім алушының есебін басшы тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған практиктерге басшылық бекітілген оқытушылар қатарынан құрылған комиссия алдында қорғалады. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Қорытынды конференция "Moodle" ҚБҰ және bigbluebutton (bbb), ZOOM, Cisco Webex Meeting бейнеконференцбайланыс жүйелерінде онлайн-форматта өткізіледі.

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г.:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 11 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

30. Университетте ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді.

31. МВА бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау үшін ҚБТ-ны пайдалануға пәндерді оқу кезінде бүкіл оқу кезеңінде 30 академиялық кредиттен аспайтын жалпы көлемде және ЕМВА және ДВА бағдарламалары бойынша тиісінше бүкіл оқу кезеңінде 15 академиялық кредиттен аспайтын көлемде жол беріледі.

32. ҚАЕУ-де ЖАОК-ны Moodle онлайн-платформасында іске асыру мүмкіндігі бар, сондай-ақ оқытушылар өз курстарын "Ашық университет" платформасында орналастыруға құқылы. Университет ЖАОК онлайн-платформасында орналастырғанға дейін дайындық бағыттары бойынша ПОҚ мүшелерінен комиссия құрады және байқаудан өткізе отырып, курстардың оқу-әдістемелік сараптамасын ұйымдастырады. ҚАЕУ әзірленген курсты ЖАОК онлайн-платформасында орналастыруды қамтамасыз етеді және тыңдаушыға ЖОО атауы, адамның тегі мен аты-жөні, курс атауы мен кредиттер көлемі көрсетілген еркін нысанда сертификат береді. ЖАОК тәртібі мен ұйымдастырылуы ҚАЕУ-де жаппай ашық онлайн курстар туралы ережеде ұсынылған.

4. ҚБТ БОЙЫНША УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ТАЛАПТАР

Университетте ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшелер - қашықтықтан оқыту факультеті және қашықтықтан оқытуды техникалық және әдіснамалық қолдау орталығы болып табылады.


1. ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін ҚАЕУ-де қолда бар:

1) қашықтықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыруға арналған ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым-тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық, деректерді сақтау жүйесі, киберқауіпсіздік жүйелерінің жұмыс істеуі, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін байланыстың коммуникациялық арналары, білім алушының жеке басын сәйкестендіру үшін сәйкестендіру жүйелері, қарыз алуды анықтау жүйелері, онлайн-прокторинг;

2) білім беруді басқарудың жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйесін (ҰБДҚ), оның ішінде веб-сайтты, Moodle білім беру порталын, оқытуды басқарудың желілік жүйелерін (LearningManagementSystem) немесе бұлтты есептеулер ("бағдарламалық қамтамасыз ету қызмет ретінде") арқылы сервисті, кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін (Платонус ААЖ) қамтитын оқытуды басқару платформасын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің сандық білім беру ресурстары;

3) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандарттарына сәйкес білім беру ұйымының әзірленген қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;

4) оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету, онлайн-курстардың жұмыс істеуі (курстың құрылымдалған дизайны, оқытудың

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 17.11.2021 г:
	Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям в КАСУ 12 стр. из 21 стр.	СВОК Редакция 1

қалыптастырылатын нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің ерекшелігі, көрсеткіштердің және бағалау өлшемшарттарының сипаттамасы);;

5) білім алушылардың білім беру порталына және оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар орналастырылған ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесіне және ашық электрондық ресурстарға, ақпарат көздеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады;

6) білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабақтары мен емтихандардың электрондық кестесі және білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері, өзін-өзі бағалау жүйесі; электрондық кітапхана; электрондық құжат айналымы, жатақханадан орын алуға онлайн-тіркеу;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қашықтықтан оқыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

